

Жергілікті қоғамдастық жиналысын (жинынын) өткізу және шешімдер қабылдау тәртібін айқындау туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 сәуірдегі N 16-108 шешімі. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылды 18 сәуірде N 2342 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы 14 ақпандағы N 28-172 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 14.02.2014 N 28-172 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3 бабының 2-тармағына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жергілікті қоғамдастық жиналысын (жинынын) өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат

сессиясының төрагасы

С.Донбаев

Облыстық мәслихат

хатшысы

Е. Келемсейіт

Алматы облыстық
мәслихатының 2013 жылғы
18 сәуірдегі N 16-108
шешіміне қосымша

Жергілікті қоғамдастық жиналысын (жинынын) өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы жергілікті қоғамдастық жиналысын (жинынын) өткізу және шешімдер қабылдау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңына,

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 Занына сәйкес әзірленді және жергілікті қоғамдастық жиналысын (жыныны) өткізу және жергілікті қоғамдастық жиналысымен (жынынымен) шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1) жергілікті өзін-өзі басқару - халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;
- 2) жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;
- 3) жергілікті маңызы бар мәселелер - реттелуі тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен занды мұдделерін қамтамасыз етуге байланысты тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қызметінің мәселелері;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың жиналысы - жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруының тікелей нысаны.

1.3. "Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы" және "жергілікті қоғамдастықтың жиыны" деген ұғымдардың мағынасы бірдей.

1.4. Тәртіп жергілікті қоғамдастықтың барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

2. Жергілікті қоғамдастық жиналысын (жиныны) өткізу қағидаттары

2.1. Жергілікті қоғамдастықтың мүшелері шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қатынасына, сеніміне, саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктерге тиесілігіне қарамастан, жергілікті қоғамдастық жиналыстарына (жиындарға) қатысуға құқылы.

2.2. Жергілікті қоғамдастық жиналыстарына (жинына) бастамашы болған және оларды өткізген кезде кімде-кімге қатысты тіл тигізуге және жала жабуға, балағат сөздерді қолдануға, жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуға мәжбүрлеуге не оған қатысуға кедергі келтіруге жол берілмейді.

2.3. Қазақстан Республикасының азаматын шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркеу фактісі оны жергілікті қоғамдастықтың мүшесі деп тану үшін негіз болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының жергілікті

қоғамдастықтың мүшесі болып кіруіне қандай да бір өзге шарттар қоюға жол берілмейді.

2.4. Жергілікті қоғамдастық жиналыстары (жындары) тек қана бейбіт сипатта етуге тиіс.

2.5. Жергілікті қоғамдастық аумағында тұрғылықты тұратын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында немесе халықаралық шартта белгіленген шекте жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысады.

2.6. Жергілікті қоғамдастықтың мүшелері жиналысқа (жынға) жеке өзі қатысады, әрі олардың әрқайсысы бір дауысқа ие.

2.7. Жергілікті қоғамдастықтың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға негізделеді.

3. Жергілікті қоғамдастық жиналыстарының (жындарының) өкілеттіктері

3.1. Жергілікті қоғамдастық жиналысы (жыны):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқарудың сайлау органдарын қалыптастырады;

2) қоғамда болып жатқан процестерді талдау негізінде тиісті жергілікті қоғамдастық - шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөліністің әлеуметтік-экономикалық жағдайын кешенді бағалауды жүзеге асырады;

3) реттелуі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты жергілікті маңызы бар мәселелерді қарайды;

4) мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жергілікті қоғамдастық жиналысында (жынында) қойылған келелі мәселелерді шешу бойынша қажетті шаралар қолдану үшін хат жолдайды;

5) елді мекендерді көріктендіру, тұрғын үй қорының сақталуы мен тиісті пайдаланылуы, тұрғындарға коммуналдық-тұрмыстық және басқадай қызмет көрсету, дene тәрбиесі мен спортты дамыту, саламатты өмір салтын насиҳаттау, тұрғылықты жерлері бойынша азаматтардың бос уақытын ұйымдастыру, табиғатты қорғау, азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтарын дамыту мәселелерін талқылайды;

6) елді мекендерге, көшелерге, аландарға ат қоюға және оларды қайта атауға байланысты мәселелерді талқылайды;

7) әкімшілік-аумақтық бөліністің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуының негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді;

8) жиналыстың қарауына шығарылатын құқықтық актілерді, әкімшілік-аумақтық

бөліністің мемлекеттік билік органдарының өзге де құжаттарын талдайды және бағалайды;

9) мемлекеттік билік органдарының, қоғамдық ұйымдардың, азаматтардың әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының құқықтарын және әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау проблемалары бойынша ұсыныстарын қарайды;

10) мемлекеттік бағдарламалар әзірлеуге және олардың орындалуына мониторинг жасауға қатысады;

11) қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда қабылданатын аса маңызды шешімдер туралы қоғамдық пікірді білдіреді;

12) тиісті лауазымды тұлғаларға тұрғындардың оның араласуын қажет ететін аса өзекті проблемалары туралы ақпарат береді;

13) әкімнің бюджеттік бағдарламалардың орындалуы туралы есептерін тыңдайды.

14) жергілікті қоғамдастық әрекетінің өзге мәселелерін шешеді.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналышын (жиынын) өткізуге дайындықты және оны жүргізу тәртібі

4.1. Жергілікті қоғамдастық жиналышын (жиынын) өткізуге дайындықты және оны жүргізуді тиісті өзін-өзі басқару органы, жергілікті қоғамдастық мүшелері қамтамасыз етеді.

4.2. Жиналыштың (жиынның) өту уақыты мен орны және талқылауға қойылған мәселелер туралы жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапты мүшесі тұрғындарға жиналышқа (жиынға) кем дегенде 10 күн қалғанда, ал кезектен тыс жиналыш (жиын) шақырылғанда – кем дегенде 3 күн қалғанда хабарлайды.

4.3. Жергілікті қоғамдастық жиналышын (жиынын) жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысы (орынбасары) немесе осыған уәкілетті тұлға ашады.

4.4. Жиналышты (жиынды) жүргізу үшін төраға мен хатшы ашық дауыс беру арқылы сайланады.

4.5. Күн тәртібін жиналыш (жиын) бекітеді.

4.6. Жиналышта (жиында) хаттама жүргізіледі, онда мыналар: жиналыштың (жиынның) өту уақыты мен орны, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің, яғни аумағында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелгендердің және жиналышқа (жиынға) қатысушылардың саны, төраға мен хатшының тегі, аты, әкесінің аты, күн тәртібі, сөз сөйлеудердің мазмұны, қабылданған шешімдер, ол бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетіледі.

4.7. Жергілікті қоғамдастықтың жиналышы (жиыны) сайлау құқығы бар тиісті аумақтың кем дегенде 5% тұрғындарының бастамасымен немесе тиісті жергілікті өзін

өзі басқару органдарының бастамасымен шақырылады.

4.8. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) шақыру мүмкін болмаған немесе қыындық тудырған жағдайда жиналыс (жиын) елді мекен, көше, тұрғын үйдегі жергілікті қоғамдастық мүшелерімен өткізіледі. Сәйкес аумақтағы тұрғындар пікірін білу үшін жалпы нәтижесін анықтау жиналыс (жиын) шешімдерін талдап қорыту жолымен жүзеге асырылады.

4.9. Жиналыстың (жиынның) төрағасы Жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізуіндің бастамашыларымен бірлесе отырып жиналыстың күн тәртібін жасайды, онда күн тәртібін дайындау қүні, айы, жылы, жиналыс өткізілетін болжамды уақыт, жиналыстың ұзақтығы және өткізілетін орны, жиналыстың қарауына шығарылатын жергілікті маңызы бар мәселелер тізбесі көрсетілуге тиіс, бұл ретте діни ғимарат және оған жалғасып жатқан аумақ (құдайға құлышылық етуге, намаз оқу мен діни жиналыстарға, діни құрметтеуге (қажылыққа) арналған объект, мысалы, мешіт немесе шіркеу) жиналыс өткізу орны бола алмайды.

4.10. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны) қажеттілігіне қарай шақырылады.

4.11. Жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынның) күн тәртібін бастамашылар өз қол қоюларымен растайды.

4.12. Жиналыс (жиын) бастамашылары "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ауданың, қаланың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жиналыс өткізу туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.

4.13. Тиісті жергілікті атқарушы органдың оң шешімі алынғаннан кейін ғана жергілікті қоғамдастық жиналысын (жиынды) өткізуге жол беріледі.

4.14. Мемлекеттік органдар жиналыстың (жиынның) Қағидада айқындалатын жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өткізілуіне жәрдемдеседі.

4.15. Өткізілгелі отырған жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиын) туралы ақпарат тиісті жергілікті атқарушы органдың оң шешімі алынғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылуы мүмкін.

4.16. Тәртіпке сәйкес үйымдастырылған жергілікті қоғамдастық жиналысын (жиынның) өткізуге қандай да бір заңсыз кедергі келтіруге жол берілмейді.

4.17. Жергілікті қоғамдастық жиналыстарын (жиынын) өткізуі қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады.

4.18. Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілдері жергілікті қоғамдастық жиналысына (жиынға) ешбір кедергісіз қатысуға құқылы.

4.19. Жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиын), егер оған қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны, жиналысты өткізу туралы бастаманы қолдаған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы санынан кем болмаса, өткізілген болып есептеледі.

5. Жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынның) шешімдері

5.1. Жиналыска (жиынға) қатысушылар күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

5.2. Шешімдер ашық және құпия дауыс беру арқылы қабылданады.

5.3. Шешім оған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жиналысына (жиыннына) қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең түсken жағдайда жиналыс (жиын) төрағасының пікірі шешуші дауыс болып саналады.

5.4. Шешім хаттама түрінде рәсімделеді және мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

5.5. Қабылданған шешімге өзгертулер мен толықтырулар енгізу тек жиналыс (жиын) арқылы ғана енгізіледі.

5.6. Жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынның) шешімі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жіберілуі мүмкін.

5.7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімін "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен қарайды.

5.8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынның) шешімін қарау нәтижелері туралы жиналыс бастамашыларына хабарлайды, сондай-ақ жауапты ведомстволық веб-сайтта жариялады.

5.9. Жиналыстың (жиынның) шешімдері бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады немесе жиналыс (жиын) өткізу үшін белгіленген аумақта тұратын жергілікті қоғамдастық мүшелерінің назарына мерзімдік баспа болмаған жағдайда басқа әдістер арқылы ол қабылданған күннен он күннен кешіктірмей хабарланады.

5.10. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда қоғамдастық мүшелері мен басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының заннамаларында белгіленген тәртіpte шағым-арыз бере алады.

6. Жергілікті қоғамдастық жиналысына (жиыннына) қатысушылардың жауапкершілігі

6.1. Жергілікті қоғамдастық жиналысына (жиыннына) қатысушылар:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заннамасын сақтауға;
- 2) жалпы мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатқа, оның ішінде қаржылық және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

3) бірынғай еңбек нарығын, капиталды қалыптастыруға, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді еркін алмасуға, Қазақстан Республикасының біртұтас мәдени және ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мен дамытуға кедергі келтіретін шешімдердің қабылдануына жол бермеуге;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауға;

5) қоғамдық маңызы бар қызмет салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды сақтауға;

6) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен занды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

7) жариялыштық пен ашықтық, өз қызметін жүзеге асыру кезінде қоғамдық пікірді ескеру қағидаттарын ұстануға міндettі.

6.2. Жергілікті қоғамдастық жиналышына қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.